

«D141-Медицина (8D10110-Медицина)» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін Асан Айнұр Асанқызының «Бүйректің созылмалы ауруындағы дәрі-дәрмектердің клиникалық тиімділігі мен қауіпсіздігін зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы.	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).	Асан Айнұр Асанқызының «Бүйректің созылмалы ауруындағы дәрі-дәрмектердің клиникалық тиімділігі мен қауіпсіздігін зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» айқындалған ғылымды дамытудың басым бағыттарына, атап айтқанда « Өмір және денсаулық туралы ғылым » бағытына толық сәйкес келеді. Жұмыс созылмалы инфекциялық емес аурулардың (БСА) диагностикасы мен фармакотерапиясының тиімділігін арттыру мәселелерін кешенді түрде қарастырады. Автор көтерген мәселелерді денсаулық сақтау жүйесі үшін аса өзекті болып табылады және сәйкес ұлттық деңгейдегі нормативтік-құқықтық құжаттарда белгіленген міндеттермен сабақтас.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>жақсы ашылған</u> /ашылмаған	Докторанттың диссертациялық жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады, зерттеудің маңыздылығы жан-жақты тыңғылықты ашылған. Аталған диссертациялық жұмыстың өзектілігі күмән тудырмайды. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері БСА дәрілерді колдаудың тиімділігі мен қауіпсіздігін зерттеу, емдеу практикасының қазіргі заманғы қажеттіліктеріне толық сәйкес келеді. Алынған нәтижелер таңдалған тақырыптың өзектілігі мен ғылыми жаңалығын толық дәлелдейді. Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған теориялық қағидалар мен практикалық нәтижелер, соның ішінде ғылыми мақалаларда ұсынылған ұсынымдар медициналық ұйымдардың ғылыми-зерттеу және клиникалық қызметіне енгізілген (енгізу актілерімен расталған). Алынған нәтижелер бүйрек ауруларының өсу үрдістерін, қауіп факторларының ықпалын және денсаулық сақтау жүйесіндегі осал тұстарды көрсету арқылы зерттеудің жоғары өзектілігін айқындайды. Бұл тұжырымдар ұлттық деңгейде скрининг, профилактика және

			нефрологиялық көмекті ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған шешімдерге берік ғылыми негіз қалыптастырады.
3.	Дербестік принциптері	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертацияның барлық кезеңдерінде диссертант клиникалық материалдарды жинау, оларды өңдеу, статистикалық талдау жүргізу және алынған нәтижелерді ғылыми тұрғыдан интерпретациялау жұмыстарын дербес орындап, зерттеу процесін жоғары деңгейде ұйымдастыра алғанын көрсетті. Зерттеу барысында автор биоэтикалық талаптарды сақтап, деректермен жұмыс істеудің жауапты мәдениетін және ғылыми этиканы терең меңгергенін дәлелдеді. Сонымен қатар, диссертант ғылыми мақалаларды өз бетінше әзірлеп, оларды Қазақстандық және халықаралық рецензияланатын басылымдарда жариялау арқылы ғылыми дербестігін және зерттеу нәтижелерін ғылыми қауымдастыққа ұсыну қабілетін айқын көрсетті.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Автор, клиникалық фармаколог ретінде, БСА-сы бар науқастарға дәрілік ем тағайындауда жиі кездесетін полипрагмазия, дозалау сәйкессіздіктері және дәрілік өзара әрекеттесулердің клиникалық маңызын орынды негіздеген. Бұл факторлар ұлттық деңгейде жеткілікті зерттелмегендіктен, олардың БСА бар науқастардағы қауіпсіздік пен ем тиімділігіне ықпалын жүйелі талдау өзекті болып табылады. Жұмыста ABC/VEN және AWaRe жүйелерін қолдану арқылы дәрілік тәуекелдерді бағалау мүмкіндіктері көрсетіліп, бүйрек функциясы бұзылған науқастарда фармакотерапияны оңтайландыруға қажетті маңызды деректер алынған. Зерттеу нәтижелері клиникалық шешім қабылдауды жақсартуға және дәрілік қауіпсіздікті арттыруға тәжірибелік негіз қалыптастырады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық зерттеу тақырыбы жарияланған барлық ғылыми еңбектерде толық қамтылған. Докторант зерттеу нәтижесіне негізделген мақалаларды жариялап, оларда диссертацияның бастапқыда қойылған мақсаттары мен міндеттері жан-жақты әрі толық көрініс тапқан; барлық жарияланымдар мәлімделген тақырыпқа толық сәйкес келеді. Қолданылған әдістер қазіргі ғылыми талаптарға сай, зерттеу мақсаттарына жеткілікті және қойылған міндеттерді шешуге толық мүмкіндік береді. Қорытынды бөлімде алынған нәтижелер дәлелді түрде талданып, зерттеу деректері негізінде қисынды әрі дәйекті талқылау жүргізілген. Автор тарапынан қойылған мақсаттар мен міндеттер толығымен орындалған.

		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <u>1) сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеудің мақсаты мен міндеттері нақты әрі анық тұжырымдалған және диссертация тақырыбын толық ашуға бағытталған. Автор қойылған үш міндетті бірізді түрде орындау арқылы зерттеу мақсатының толық жүзеге асуын қамтамасыз еткен. Әрбір міндеттің логикалық сабақтастығы сақталған, бұл жұмыстың құрылымдық тұтастығын және зерттеу процесінің жүйелі жүргізілгенін көрсетеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: <u>1) толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мазмұндық тұтастығымен, құрылымдық үйлесімділігімен және өзара логикалық байланысымен ерекшеленеді. Әдебиеттерге шолу БСА бар науқастардағы фармакотерапияның өзекті аспектілерін заманауи ғылыми деректер негізінде жан-жақты ашады. Зерттеу дизайны, деректерді іріктеу критерийлері және клиникалық сипаттамалардың берілуі зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келіп, жұмыстың әдіснамалық негізінің дұрыстығын дәлелдейді. Қолданылған заманауи статистикалық талдау әдістері нәтижелердің дәлдігін арттырып, алынған қорытындылардың ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <u>1) сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертацияда ұсынылған тұжырымдар ғылыми тұрғыдан негізделген және бұрынғы зерттеулердегі мәліметтермен салыстырмалы талдау арқылы дәлелденген. Автор БСА бар науқастардағы полипрагмазияның, дозалау сәйкессіздіктерінің және дәрілік өзара әрекеттесулердің клиникалық маңызын анықтап, ABC/VEN және AWaRe жүйелерін қолдану арқылы дәрілік тәуекелдерді бағалаудың тиімділігін көрсетті. Алынған нәтижелер ұтымды фармакотерапияны жетілдіру және дәрілік қауіпсіздікті арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік беріп, олар саладағы бұрын жарияланған деректермен салыстырыла отырып негізделген. Диссертант отандық және халықаралық әдебиеттерді, сондай-ақ өзінің зерттеу деректерін терең талдап, зерттелетін мәселенің клиникалық маңызын жан-жақты ашқан, соның негізінде автордың өзіндік пікірі қалыптастырылып, кешенді шешімдер ұсынылған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25- 75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста БСА бар науқастардағы полипрагмазия, дозалау сәйкессіздіктері және дәрілік өзара әрекеттесулердің жиілігі ұлттық деңгейдегі деректер негізінде алғаш рет кешенді талданған. Бұл зерттеу БСА бар науқастарға көрсетілетін фармакотерапияның тиімділігі мен қауіпсіздігіне әсер ететін негізгі факторларды жүйелі бағалаумен ерекшеленеді. Зерттеудің жаңашылдығы ABC/VEN және AWaRe жүйелерін

		клиникалық деректермен үйлестіре отырып, дәрілік тәуекелдерді бағалау мен терапияны оңтайландыруға арналған ұсыныстарды ғылыми тұрғыдан негіздеуден көрінеді. Алынған нәтижелер полипрагмазияны азайту, қауіпті дәрілік комбинацияларды анықтау және фармакотерапияның қауіпсіздігін арттыру бағытында маңызды тәжірибелік үлес қосады.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25- 75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары зерттелген мәселе бойынша бұрын ғылыми айналымда болмаған жаңа мәліметтерді ұсынады. Зерттеу барысында БСА бар науқастардағы полипрагмазия деңгейі, дозалау қателіктерінің жиілігі, дәрілік өзара әрекеттесулердің спектрі және олардың клиникалық салдары ұлттық масштабтағы деректер негізінде алғаш рет кешенді түрде жүйеленіп, сандық тұрғыдан бағаланды. Бұл көрсеткіштердің өзара байланысы мен олардың пациент қауіпсіздігіне әсер ету тетіктері ғылыми дәлдікпен сипатталған, бұл ретте зерттеу нәтижелері клиникалық фармакотерапия саласындағы елеулі олқылықтарды толтырады. Сонымен қатар ABC/VEN және AWaRe жүйелерін пайдалана отырып дәрілік тәуекелдерді бағалау бұрын БСА популяциясына қатысты қолданылмаған және зерттеуге жаңашылдық береді. Бұл жүйелерді клиникалық деректермен бірге талдау дәрілік тағайындаулардағы негізгі қауіптердің қай жерде жиі кездесетінін нақты анықтауға, дәрілерді жоспарлауды жақсартуға және емнің қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді. Алынған қорытындылар БСА бар науқастарға көрсетілетін дәрілік көмекті жетілдіруге бағытталған жаңа, ғылыми негізделген тәсілдерді ұсынып, клиникалық тәжірибеде маңызы жоғары нәтижелер берген, оның ішінде дәрілік тағайындаулардың қауіпсіздік деңгейін арттыруға және дозалау қателіктерін азайтуға ықпал еткен.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25- 75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық және басқарушылық шешімдер толықтай жаңа әрі ғылыми тұрғыдан негізделген. Ғылыми жұмыстардың нәтижелері Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы ШЖҚ «Түркістан облысы Облыстық клиникалық ауруханасы» МКК, ШЖҚ «Шардара аудандық орталық ауруханасы» МКК, Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасы ШЖҚ «Қалалық клиникалық аурухана №1» МКК, ШЖҚ «Қалалық аурухана №2», ШЖҚ «Онкологиялық орталығы бар қалалық кәіпбейінді аурухана» МКК, ШЖҚ «Психикалық денсаулық орталығы» МКК және «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ-ның фармакология,

			фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасында, «Отбасылық медицина» кафедрасында және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Жалпы дәрігерлік практика №2» кафедрасының оқу үдерістеріне енгізілді (енгізу актісі 2025). Сонымен қатар 2 авторлық куәлік алынған (2024). Бұл диссертацияда алынған деректер фармакотерапияны дербестендірудің жаңа тәжірибелік қалыптастыруға негіз болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстың барлық негізгі қорытындылары, ғылыми тұжырымдары және тәжірибелік ұсынымдары салмақты әрі ғылыми тұрғыдан дәлелденген деректерге негізделген. Олар алынған нәтижелерден логикалық түрде туындайды, қойылған мақсат пен міндеттерге толық сәйкес келеді және нақты әрі түсінікті түрде тұжырымдалған. Бұл олардың ғылыми қауымдастық пен тәжірибелік медицина мамандары үшін қолжетімділігін және қолданбалы маңызын қамтамасыз етеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ	Қорғауға 3 негізгі ереже енгізілді: 1. 2014–2020 жылдар аралығында ҚР БСА-ның эпидемиологиялық ауыртпалығы айтарлықтай артты. БСА-ның таралуы төрт есеге, ал өлім-жітім көрсеткіші шамамен үш есеге өсті. Осындай динамика ГЛА-да анықталды, олардың таралуы мен өлім-жітімі бірнеше есеге ұлғайды. Алынған деректер зерттелген кезең ішінде БСА мен ГЛА эпидемиологиялық ауыртпалығының өскенін көрсетеді. 2. БСА бар науқастардағы дәрілік емнің тиімділігі мен қауіпсіздігін талдау фармакотерапияның ұтымдылығына қатысты елеулі ауытқуларды анықтады. Тағайындаулардың 80%-дан астамында дозаны түзету БСА сатысына сәйкес жүргізілмеген, қолданылған дәрілер 23,4%-ы нефроуытты болған, ал бір науқасқа тағайындалған дәрілердің орташа саны 9,5-ке жеткен, бұл айқын полипрагмазияны көрсетті. Дұрыс дозаланбаған дәрілер және потенциалды қауіпті дәрілік өзара әрекеттесулердің жоғары жиілігі анықталды. Алынған нәтижелер БСА кезінде қауіпсіз және ұтымды фармакотерапия қағидаттарының сақталмауына байланысты елеулі клиникалық қауіптердің бар екенін көрсетті. 3. БСА бар науқастарға тағайындалған дәрі-дәрмектердің фармакоэкономикалық талдауы олардың елеулі бөлігінің ҚҰФ-қа енгізілмегенін анықтады, бұл медициналық ұйымдар үшін қосымша

			қаржылық жүктеме туындатады. Сонымен бірге антибиотиктерді қолдану құрылымының ДДҰ ұсынған AWaRe жіктемесіне толық сәйкес келмейтіні көрсетілді: шығындардың негізгі бөлігі Watch тобының препараттарына тиесілі болса, Access тобының үлесі едәуір төмен деңгейде болған. Алынған деректер дәрі-дәрмектерді тағайындаудың нақты тәжірибесінің ұтымды емінің фармакоэкономикалық қағидаттарынан айқын ауытқуын көрсетеді. ҚҰФ құрамына, клиникалық нұсқаулықтарға кірмеген дәрі-дәрмектердің бес позициясы анықталды. Зерттеу кезеңінің барлық уақытында бақыланатын (Watch) топқа жататын антибиотиктердің жалпы шығыны 66%-ды құрады, колжетімді (Access) топқа жататын антибиотиктерге жұмсалған қаражат тек 31%-ды құрады. Қалған 3% AWaRe жіктемесіне енгізілмеген дәрі-дәрмектерге тиесілі болды. Бұл көрсеткіштер Қазақстанда антибиотиктерді қолдану құрылымы ДДСҰ стандарттарына сай еместігін және фармакоэкономикалық саясатты жетілдіру қажеттілігін көрсетті.
8.		8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған <u>1) ия;</u> 2) жоқ	Қолданылған әдіснама таңдалған іріктеменің репрезентативтілігімен, зерттеуде пайдаланылған заманауи әрі ақпараттық әдістермен және ғылыми нәтижелердің дәлдігін айқындаған статистикалық бағдарламалармен ғылыми тұрғыдан негізделген. Зерттеу объектілері дұрыс анықталып, енгізу критерийлеріне толық сәйкес келеді, бұл алынған нәтижелердің ғылыми шынайылығы мен сенімділігін қамтамасыз етеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: <u>1) ия;</u> 2) жоқ	Ғылыми тұжырымдар мен алынған нәтижелер БСА бар науқастардың фармакотерапиясын талдауда қолданылған заманауи әрі ақпараттық әдістерге негізделді. Зерттеуде ұлттық электрондық денсаулық сақтау жүйесінің деректері пайдаланыла отырып, полипрагмазия, дозалау сәйкессіздіктері және клиникалық тұрғыдан маңызды дәрілік өзара әрекеттесулер жүйелі түрде бағаланды. ABC/VEN және AWaRe құралдарының қолданылуы дәрілік тәуекелдерді құрылымдық жағынан дәл сипаттауға мүмкіндік берді. Статистикалық талдау толық әрі жоғары сапада орындалды. Деректерді өңдеу және интерпретациялау үшін Stata 16 бағдарламасы қолданылып, регрессиондық модельдер, салыстырмалы талдау және тәуекел стратификациясы жүргізілді. Stata бағдарламасының қолданылуы зерттеу нәтижелерінің дәлдігін, сенімділігін және ғылыми негізділігін қамтамасыз етті.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер,	Зерттеудің теориялық құндылығы БСА бар науқастарға тағайындалатын


		анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жок	фармакотерапияның тиімділігіне әсер ететін клиникалық және фармакоэкономикалық факторларды ғылыми тұрғыдан негіздеп, оларды жүйелі талдау арқылы айқындалады. Автор дәрілік терапияның тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау мәселелерін теориялық деңгейде тереңдетіп, БСА бар науқастарды емдеудегі фармакотерапиялық тәсілдерді жетілдіруге маңызды ғылыми үлес қосады. Алынған нәтижелер ұтымды фармакотерапия жөніндегі ғылыми түсініктерді кеңейтіп, осы бағыттағы кейінгі зерттеулерге әдіснамалық негіз бола алады. Зерттеу қорытындылары білім беру үдерісінде, оның ішінде резидентура деңгейінде оқу бағдарламаларында, дәрістер мен тәжірибелік сабақтарды әзірлеуде қосымша ғылыми-әдістемелік материал ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл клиникалық фармакологтар, нефрологтар және денсаулық сақтау мамандарының кәсіби даярлығын арттыруға оң әсер етеді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыстың маңызды тұжырымдары өзектілігі жоғары, сенімді және рецензияланған ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелермен дәлелденген, бұл қазіргі ғылыми деректерді талдаудың дұрыстығын көрсетеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті / жеткіліксіз	Әдеби шолу үшін 10 жылдық қамтуды құрайтын 174 ғылыми дереккөз пайдаланылған. Шетелдік әдебиеттердің басым болуы қарастырылып отырған мәселенің әлемдік деңгейде өзекті екендігін көрсетеді.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жок	Диссертацияның теориялық маңызы айрықша жоғары. Жүргізілген зерттеу БСА-сы бар науқастардағы клинико-демографиялық ерекшеліктерді, полипрагмазия мен дәрілік жүктеменің құрылымын, дозалау сәйкессіздіктері мен дәрілік өзара әрекеттесулердің негізгі факторларын жаңа қырынан ашып, оларды жүйелі түрде ғылыми талдау арқылы түсіндіреді. Автор БСА кезінде дәрілік қауіптердің қалыптасу механизмдерін патофизиологиялық, фармакокинетикалық және фармакодинамикалық тұрғыдан терең негіздеп, қауіптің қай деңгейде және қандай клиникалық жағдайларда арта түсетінін дәл сипаттайды. Мұндай теориялық тұжырымдар БСА популяциясында ұтымды фармакотерапия қағидаттарын қайта қарауға, дәрілік тағайындаулардың қауіпсіздік параметрлерін ғылыми тұрғыдан айқындауға және клиникалық шешім қабылдау логикасын жетілдіруге мүмкіндік береді. Зерттеудің теориялық үлесі БСА кезіндегі фармакотерапиялық стратегияларды қалыптастыруда жаңа әдіснамалық база ұсынып, осы саладағы болашақ ғылыми жұмыстарға маңызды бағыт-бағдар береді.

		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Негізгі ғылыми тұжырымдар маңызды мәнге ие және клиникалық тәжірибеде жоғары қолданбалық әлеуетке ие. Жұмыста ұсынылған қорытындылар мен әзірленген тәсілдер БСА бар науқастарда дәрілік терапияның қауіпсіздігі мен тиімділігін арттыруға, полипрагмазияны басқаруға, дозалау қателіктерін азайтуға және дәрілік өзара әрекеттесулердің алдын алуға бағытталған. ABC/VEN және AWaRe жүйелеріне негізделген бағалау тәсілдері клиникалық шешім қабылдауды жақсартып, БСА бар науқастарды қауіпсіз және ұтымды фармакотерапиямен қамтамасыз ету тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік беретін елеулі тәжірибелік құндылыққа ие.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25- 75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы оның нәтижелерінің нақты клиникалық тәжірибеге енгізілуімен расталады. Алынған деректер стационарлық бөлімшелерде БСА бар науқастарға көрсетілетін фармакотерапияны қауіпсіздік және тиімділік тұрғысынан жетілдіруге мүмкіндік беріп, олардың қолданбалы құндылығын айқын көрсетті. Клиникалық процестерге енгізілген өзгерістер автордың ұсынымдарының тәжірибелік маңызын дәлелдеп, зерттеу нәтижелерінің жүйелік деңгейдегі пайдалы әсерін көрсетеді. Диссертацияда ұсынылған тәжірибелік ұсынымдар клиникалық тәжірибеде бұрын кешенді түрде қолданылмаған жаңа тәсілдер болып табылады. Автор әзірлеген полипрагмазияны басқару қағидаттары, дозалау сәйкессіздіктерін азайтуға арналған әдістемелік шешімдер, клиникалық тұрғыдан маңызды дәрілік өзара әрекеттесулерді анықтау тәсілдері, сондай-ақ ABC/VEN және AWaRe жүйелеріне негізделген дәрілік тәуекелдерді құрылымдық бағалау алгоритмдері фармакотерапияны рационалдандырудың инновациялық моделін қалыптастырады. Бұл ұсынымдар БСА бар науқастарға көрсетілетін дәрілік көмектің сапасын арттыруға бағытталған және оларды клиникалық тәжірибеге енгізу қажеттілігі мен маңыздылығын нақты әрі дәлелді түрде көрсетеді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен	Диссертациялық жұмыс Web of Science Core Collection және Scopus дерекқорларына кіретін халықаралық рецензияланатын журналдарда жарияланған 4 мақаламен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған тізімге енгізілген басылымдарда жарық көрген 3 мақаламен ұсынылған. Жұмыс мазмұнының айқындығымен және нақтылығымен, материалдың логикалық тұрғыдан жүйелі баяндалуымен әрі баяндау стилінің

11	Диссертация кемшіліктері	Ғылыми еңбектер жоғары деңгейде жазылған. Ескертулер жоқ.	сапалылығымен ерекшеленеді. Академиялық жазу деңгейі жоғары.
12	Рецензенттің шешімі (осы Үлгілік ереженің 28-тармағына сәйкес)	Асан Айнұр Асанқызының «Бүйректің созылмалы ауруындағы дәрі-дәрмектердің клиникалық тиімділігі мен қауіпсіздігін зерттеу» тақырыбындағы рецензиялауға ұсынылған жұмыс ішкі тұтастық, практикалық құндылық, ғылыми жаңалық, негізділік және академиялық адалдық қағидаттарына толық сәйкес орындалған және аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен медицина саласы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Осыған байланысты ізденуші Асан Айнұр Асанқызының 8D10110 – «Медицина» білім беру бағдарламасы (мамандығы) бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп саналады.	

**М.ғ.д., профессор, С.Ж. Асфендияров атындағы
Қазақ Ұлттық Медицина Университетінің
«Нефрология» кафедрасының меңгерушісі,
Жоғары санатты дәрігер-нефролог**

Күні: 11.12.2025 ж.



Шепетов А.М.